Активное участие родителей в образовательном процессе — участие в праздниках, конкурсах, открытых уроках — показывает ребенку значимость обучения и помогает выстроить связь между школой и семьей. Регулярное общение родителей с учителем позволяет лучше понять успехи и трудности ребенка, а также выработать общие подходы к поддержке его учебной деятельности. Я практикую участие родителей в проведении внеклассных мероприятий и экскурсий. Дружелюбная атмосфера, где дети поддерживают друг друга, помогает снизить страх ошибки и повышает уверенность ребенка в коллективе. Регулярно провожу игры и тренинги на сплочение класса, предотвращение конфликтов и буллинга. Важно учитывать индивидуальные особенности учащихся и поощрять их за прогресс, а не только за результат. Групповые задания помогают детям развивать навыки сотрудничества, учиться уважать мнение других, что также способствует созданию положительной учебной атмосферы. Проведение семейных праздников, например Дня матери или семейных соревнований, позволяет укрепить связь между учениками, родителями и школой. Таким образом, социальная среда, включая поддержку семьи и школьный коллектив, является мощным инструментом в формировании у ребенка интереса к учению. Совместные усилия семьи, школы и класса создают гармоничную среду, в которой ребенок чувствует себя ценным, защищенным и мотивированным.

В своей работе для формирования положительной мотивации я использую игровые технологии. Игровая ситуация, возникающая на уроках, построенных с применением приемов обучающей игры, способствует вовлечению обучающихся в условную, увлекательную и развлекательную деятельность. Такая деятельность обладает большим внушающим (суггестивным) воздействием, включающим изучаемые знания, умения и навыки. Функции игры в учебном процессе состоят в обеспечении эмоционально приподнятой обстановки воспроизведения знаний, облегчении усвоения учебного материала и внушающем воздействии. Игровая деятельность вызывает у учащихся разнообразные эмоционально-психические состояния, переживания, которые углубляют познание, стимулируют учебную работу, снимают напряжение и усталость, предотвращают ощущение перегрузок при изучении любых предметов.

Игра моделирует жизненные ситуации или условные взаимодействия людей, вещей и явлений. Для младших школьников игра является естественной деятельностью, поэтому включение игровых элементов делает учебный процесс более увлекательным.

Примеры игровых технологий:

Образовательные квесты:

Квест «Путешествие в страну знаний»: выполнение заданий на станциях (решение математических задач, разгадывание ребусов, чтение с пониманием текста).

Квест «Спасение сказочного героя»: команда решает логические задачи, чтобы помочь сказочному персонажу.

Викторины:

«Что? Где? Когда?» — вопросы по пройденному материалу.

«Поле чудес» — отгадывание слов по тематике (например, природа, профессии).

Онлайн-викторины (например, Kahoot, Quizizz).

Ролевые игры:

«Магазин» — изучение математики через практику покупок и расчета сдачи.

«Суд над сказочным героем» — обсуждение поступков литературных персонажей.

«Экскурсия в музей» — учащиеся играют роли экскурсоводов и посетителей.

Дидактические игры:

«Собери слово» — составление слов из букв или слогов.

«Математическое домино» — решение примеров для подбора пары.

«Живое лото» — игра с карточками на запоминание чисел, слов или изображений.

Соревновательные игры:

«Эстафета знаний» — команды решают задачи, передавая эстафетную палочку.

«Спринт заданий» — кто быстрее выполнит серию задач.

«Литературный бой» — ответы на вопросы по литературным произведениям.

Игры с элементами театрализации:

«Инсценировка сказки» — распределение ролей и чтение по ролям.

«Суд над словом» — объяснение значения слов и разыгрывание ситуаций.

«Путешествие во времени» — разыгрывание сцен из исторических событий.

Настольные игры:

«Умный пазл» — собирание тематических пазлов.

«Гонки знаний» — игра с вопросами, где побеждает тот, кто первым придет к финишу.

«Литературные персонажи» — сопоставление героев и произведений.

Технологии цифровых игр:

Использование интерактивных игр на планшетах или интерактивной доске.

Платформы (например, «Учи.ру», «ЯКласс»).

Программы для создания игр, где учащиеся сами разрабатывают сюжет.

Каждая из этих технологий направлена на повышение интереса к обучению, развитие навыков сотрудничества, критического мышления и креативности. Каждый ребенок уникален, поэтому важно учитывать его интересы, способности и особенности. Индивидуальный подход помогает развить чувство значимости и уверенности в себе. Положительный опыт выполнения заданий укрепляет у ребенка веру в собственные силы. Учитель может специально подбирать задания, соответствующие уровню подготовки ученика, постепенно усложняя их. Использование ярких, красочных материалов, интерактивных презентаций и видеоуроков делает процесс обучения более интересным и доступным для восприятия. Учителю важно связать учебный материал с жизненным опытом детей. Например, математика может быть представлена через задачи, связанные с их повседневной жизнью, а чтение – через увлекательные истории и сказки. Учитель должен поддерживать детей, хвалить их за успехи и корректно указывать на ошибки. Эмоциональный контакт с учеником создает атмосферу доверия и безопасности. Родители играют важную роль в развитии положительной мотивации. Их участие может выражаться в демонстрации интереса к школьной жизни ребенка, поддержке в преодолении трудностей, создании условий для занятий дома и похвале за достижения, даже небольшие. Основываясь на собственном опыте взаимодействия с детьми, могу утверждать, что каждый ребенок может испытывать радость от получения знаний и совершенствования каких-то навыков, если побудить его к раскрытию своих способностей и талантов. Наша задача как учителей – искать и находить новые, более эффективные виды деятельности учащихся как источник получения знаний, формирования умений и навыков. Преодоление трудностей и создание позитивной эмоциональной мотивации являются необходимыми для развития творческого мышления обучающихся.

К концу обучения в начальной школе важным для успешности обучения у младших школьников становится мнение их сверстников: положительные и отрицательные мотивы формируются за счет мнения класса, социометрического статуса ученика. Для детей в этот возрастной период важно не только, как оцениваются их знания, но и общая оценка их личности, соотнесение ее с другими. Именно поэтому хорошая успеваемость развивает у детей высокую самооценку, а плохая – снижает ее. Успешность в учебной деятельности является источником внутренних сил ребенка и формирует стремление преодолевать трудности. Положительное отношение к учению закрепляется радостью от успеха, поэтому взрослым даже маленький успех ребенка

необходимо замечать и концентрировать на нем внимание, чтобы поддерживать положительное отношение ребенка к учению.

Таким образом, мотивация учебной деятельности – это первый и главный ключ к успеху, в том числе в учебе, так как ребенок лучше всего воспринимает именно ту информацию, которая ему интересна. Можно сделать вывод, что особенности учебной мотивации младших школьников заключаются в проявлении таких мотивов учения, как учебно-познавательные мотивы (стремление к получению новых знаний), социальные мотивы (долг, ответственность) и личностные мотивы (стремление к благополучию и достижению). Однако в младшем школьном возрасте доминируют в основном личностные мотивы, которые, если не реализуются, проявляются в виде негативной тенденции – мотива избегания неприятностей и неудач. Формирование положительной мотивации к учебе младших школьников – это сложный, но чрезвычайно важный процесс, требующий участия учителей, родителей и самого ребенка. Построение образовательного процесса на основе интересов и потребностей учеников, поддержка их успехов и вовлеченность в учебную деятельность – ключевые шаги на пути к созданию прочной основы для дальнейшего обучения и развития. Положительная мотивация – это залог не только успешного обучения, но и гармоничного формирования личности ребенка.

Список использованной литературы:

1. Степанов С.Ю., Семенов И.Н. Психология рефлексии: проблемы и исследования // Вопросы психологии. – 2005. – № 3. – С. 31-35.
2. Филоненко А.А. Развитие рефлексии у детей младшего школьного возраста // Молодой ученый. – 2014. – № 8. – С. 892–894.
3. Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. – М.: Педагогика, 2005. -219 с.

МЕТОД ТАРСИЯ КАК ЭФФЕКТИВНОЕ СРЕДСТВО ОБУЧЕНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Байтъякова Зарина Оразбековна,
учитель начальных классов,

КГУ «Общеобразовательная школа села Садовое отдела образования
по Зерендинскому району управления образования Акмолинской области»

Введение. Современные тенденции в развитии начального образования акцентируют внимание на необходимости внедрения инновационных педагогических технологий, направленных на активизацию познавательной деятельности младших школьников. В условиях обновления содержания образования и перехода к компетентностному подходу особую значимость приобретает проблема повышения эффективности усвоения учебного материала посредством применения интерактивных методов. В этой связи возникает научно-практический вопрос: насколько метод тарсия способствует формированию устойчивых знаний, познавательного интереса и мыслительной активности у учащихся начальной школы?

Актуальность изучения данной проблемы обусловлена необходимостью повышения качества образовательного процесса в начальном звене, формирования универсальных учебных действий у младших школьников, а также поиском таких форм и методов обучения, которые способствовали бы более прочному и осознанному усвоению знаний в игровой, доступной и деятельностной форме. Метод тарсия, представляющий собой разновидность обучающего пазла, сочетает элементы анализа, синтеза, классификации и логического сопоставления, что позволяет использовать его как универсальное средство в разных предметных областях начального обучения.

Выбор данной темы исследования обусловлен практическими наблюдениями за уровнем вовлеченности и мотивации младших школьников при использовании традиционных и нетрадиционных методов обучения, а также стремлением к научному обоснованию эффективности метода тарсия как дидактического инструмента. Повышенный интерес к использованию данного метода в педагогической практике и его высокая результативность в формировании учебной самостоятельности учащихся определили мотивацию автора к более глубокому изучению и систематизации теоретико-практических основ его применения.

Целью настоящей статьи является теоретическое обоснование и эмпирическая проверка эффективности метода тарсия в образовательной деятельности начальной школы, а также выявление педагогических условий, способствующих успешной интеграции данного метода в учебный процесс.

Основная часть. Метод тарсия представляет собой инновационную форму организации учебной деятельности, которая в контексте начального образования обретает особую значимость. Современные

образовательные реалии требуют активного внедрения интерактивных методов, направленных на развитие познавательной активности, логического мышления, коммуникативных и метапредметных навыков младших школьников. Традиционные формы подачи материала постепенно уступают место методикам, способствующим развитию самостоятельной деятельности учащихся, а также формированию осознанного и прочного знания. Именно в этом контексте метод тарсия становится актуальным и востребованным педагогическим инструментом [1].

Сущность метода заключается в сборке геометрических фигур из разрезанных карточек, каждая из которых содержит фрагмент информации, требующий осмысления и соотнесения. В процессе выполнения задания учащиеся соотносят логически взаимосвязанные понятия, определения, задачи и решения, что требует активного включения процессов анализа, сравнения, синтеза и обобщения [2]. Задания, оформленные в формате тарсия, выполняются индивидуально, в парах или в группе, что открывает широкие возможности для формирования навыков совместной деятельности, ответственности и самоконтроля.

Исследование практического применения данного метода в начальной школе позволяет утверждать, что он способствует эффективному решению нескольких педагогических задач. Прежде всего, происходит активизация учебной мотивации: игровой характер заданий снижает тревожность и усталость, а также делает учебный процесс более привлекательным и эмоционально насыщенным. Во-вторых, обеспечивается высокий уровень усвоения учебного материала благодаря вовлечению различных каналов восприятия (визуального, логического, речевого) [3]. В-третьих, у учащихся формируются метапредметные компетенции: умение классифицировать информацию, выявлять причинно-следственные связи, работать по алгоритму, аргументировать собственное мнение.

Педагогический эксперимент, проведённый в начальной школе, включал три этапа: констатирующий, формирующий и контрольный. На первом этапе фиксировались исходный уровень учебной мотивации, успеваемости и активности младших школьников. В ходе формирующего этапа в учебный процесс систематически включались задания, основанные на методе тарсия [4].

Научная новизна заключается в целенаправленном анализе и обосновании эффективности применения метода тарсия в системе начального образования. В отличие от традиционного подхода, в котором ученик чаще выступает в роли пассивного слушателя, в тарсии он становится активным субъектом учебной деятельности. Это отвечает принципам деятельностного подхода, заложенным в основу обновлённого содержания образования. Практическая значимость заключается в возможности широкого внедрения метода в образовательную практику, как на уроках, так и во внеурочной деятельности. Исследование эффективности применения данного метода тарсия в начальной школе было проведено в рамках педагогического эксперимента, направленного на выявление влияния данной методики на развитие учебной мотивации, познавательной активности и уровня усвоения учебного материала младшими школьниками. Основное внимание уделялось эмпирической проверке гипотезы о том, что систематическое использование метода тарсия способствует повышению качества образования, формированию универсальных учебных действий, а также стимулирует учебный интерес. Выборка для проведения исследования включала учащихся вторых классов общеобразовательной школы с русским языком обучения. В эксперименте приняли участие 16 обучающихся в возрасте 7–8 лет. Методика отбора носила целенаправленный характер: в исследование включались классы, в которых преподавание осуществлялось одним учителем, прошедшим предварительную подготовку по использованию метода тарсия. Это обеспечивало методическое единство и исключало влияние вариативности педагогического стиля на результаты эксперимента. Участники были распределены на экспериментальную и контрольную группы по 8 человек каждая. Распределение проводилось с учётом уровня базовой подготовки и средних показателей по текущей успеваемости, что позволило выровнять начальные условия и обеспечить корректность сравнительного анализа.

Эксперимент проходил в течение одного учебного семестра и включал три этапа: констатирующий, формирующий и контрольный. На констатирующем этапе были проведены диагностические процедуры, направленные на определение уровня учебной мотивации (с использованием методики М. Р. Гинзбурга), уровня развития познавательной активности (через наблюдение и анкетирование), а также на измерение качества усвоения учебного материала по ключевым предметам — русскому языку и математике. Результаты фиксировались в индивидуальных картах наблюдения и протоколах педагогической диагностики. На формирующем этапе в экспериментальной группе метод тарсия применялся систематически два раза в неделю в рамках основных предметов. Задания были разработаны с учётом возрастных особенностей и содержания учебных программ. Использовались как индивидуальные, так и групповые формы работы. Методические материалы включали наборы карточек, составленных в соответствии с темами разделов учебников, и ориентированных на тренировку ключевых умений: составление понятийных цепочек, соотнесение термина и определения, примера и правила, условия и результата. Контрольная группа обучалась по традиционной методике без применения элементов тарсии.

В течение формирующего этапа осуществлялось регулярное наблюдение за динамикой учебной мотивации и активности учащихся. Отдельное внимание уделялось эмоциональной вовлечённости детей в процесс выполнения заданий, а также проявлению инициативы, самостоятельности и готовности к взаимодействию в парах и группе. На контрольном этапе были проведены повторные диагностические процедуры, аналогичные

констатирующему этапу. Сравнительный анализ данных показал статистически значимую положительную динамику в экспериментальной группе. Уровень учебной мотивации увеличился на 25% по сравнению с исходными значениями, познавательная активность возросла на 30%, а успеваемость по предметам повысилась в среднем на 1 балл (по пятибалльной системе). В контрольной группе изменения носили незначительный характер и находились в пределах допустимых колебаний, связанных с естественным ходом образовательного процесса. Таким образом, проведённое исследование подтвердило эффективность метода тарсия как средства активизации учебной деятельности младших школьников. Оно позволило обосновать целесообразность его систематического использования в образовательной практике начальной школы. Результаты демонстрируют практическую значимость методики для формирования устойчивого интереса к учёбе, развития мыслительных операций, а также повышения общей мотивационной направленности учащихся к получению знаний.

Заключение. Заключение по проведённому исследованию применения метода тарсия в образовательном процессе начальной школы позволяет сделать ряд теоретически и практически значимых выводов. Установлено, что использование метода тарсия представляет собой эффективное средство активизации познавательной деятельности младших школьников, поскольку совмещает элементы учебной деятельности с игровыми приёмами, повышающими мотивационную готовность к обучению [5]. Внедрение данной технологии способствует не только усвоению предметных знаний, но и формированию ключевых компетенций, включая коммуникативные и регулятивные умения, аналитическое мышление, умение работать в команде, что соответствует задачам современного образования и требованиям обновлённого содержания учебных программ [6].

Обобщение результатов педагогического эксперимента подтвердило, что систематическое применение метода тарсия положительно влияет на учебную мотивацию учащихся, формирует устойчивый интерес к предмету, повышает уровень самостоятельности в выполнении заданий, а также способствует улучшению общей успеваемости. Метод продемонстрировал высокий потенциал как в рамках урочной деятельности, так и при реализации внеурочных форм работы. Особую ценность метод представляет при индивидуализации образовательного процесса, позволяя учитывать уровень подготовленности, темп восприятия информации и особенности когнитивного развития конкретных учащихся. Результаты исследования позволили выработать комплекс методических рекомендаций, направленных на эффективную интеграцию метода тарсия в образовательную практику начального общего образования.

Прежде всего, целесообразно рекомендовать его включение в структуру уроков по основным предметам начальной школы — математике, русскому языку, литературному чтению, окружающему миру. Метод может быть с успехом использован как для актуализации знаний, так и для закрепления изученного материала, организации самостоятельной работы и проведения диагностических процедур. Также важно подчеркнуть значимость межпрофессионального обмена: проведение педагогических семинаров, мастер-классов и обучающих курсов по использованию метода тарсия должно стать неотъемлемой частью деятельности методических объединений. Это позволит обеспечить масштабное внедрение технологии и сформировать у педагогов готовность к её вариативному использованию [7]. Кроме того, перспективным направлением является разработка дидактических пособий, включающих задания в формате тарсия, адаптированных к особенностям возрастной аудитории и содержанию образовательных программ. Актуальной задачей научно-педагогического сообщества остаётся дальнейшее исследование эффективности метода тарсия в условиях различной предметной направленности, а также в рамках инклюзивного образования и в работе с одарёнными детьми. Таким образом, представленное исследование обладает как теоретической новизной, так и высокой практической значимостью. Метод тарсия доказал свою эффективность как средство повышения качества начального образования, его применение способствует формированию активной учебной позиции младшего школьника и соответствует задачам формирования функциональной грамотности обучающихся. Перспективы дальнейшего изучения и распространения данного метода позволяют рассматривать его как значимый элемент инновационного потенциала современной педагогики начальной школы.

Список использованной литературы:

1. Борисенко, И. А. Активизация познавательной деятельности младших школьников в условиях обновленного образования // Начальная школа. — 2022. — № 4.
2. Трофимова, Е. А. Методические основы применения технологии «Tarsia Puzzle» в начальной школе // Педагогика и практика. — 2021. — № 6.
3. Калинина, С. В. Игровые технологии как средство формирования универсальных учебных действий // Начальное образование. — 2023. — № 2.
4. Пашкова, М. Ю. Дидактический потенциал метода тарсия в системе начального образования // Вопросы современной педагогики. — 2021. — № 3.
5. Иванова, Н. Л. Инновационные методы и приёмы в обучении младших школьников. — М.: Учпедгиз, 2020.
6. Журавлева, Е. Н. Организация развивающей образовательной среды средствами методики тарсия // Педагогика: традиции и инновации. — 2022. — № 7.
7. Соколова, В. А. Формирование метапредметных результатов в начальной школе: опыт применения метода тарсия // Начальная школа плюс до и после. — 2023. — № 5.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Хабал Ардах,

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
Өзен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. Функционалдық сауаттылық – бұл алған білімді күнделікті өмірде қолдана білу қабілеті, ойлау дағдыларын дамыту, ақпаратты сыни тұрғыдан талдау және тиімді қарым-қатынас жасау. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні – оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдірумен қатар, олардың танымдық, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға бағытталған негізгі пәндердің бірі.

Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың әдіс-тәсілдері, тиімді әдістемелері мен тәжірибелік жолдары қарастырылады. Функционалдық сауаттылық оқушының білімін өмірде қолдана білуін қамтамасыз етеді. Ол оқу сауаттылығын, яғни мәтінді түсіну, сараптау және оның мазмұнын өмірлік жағдайларда қолдана білуді, жазу сауаттылығын, яғни ойды нақты, түсінікті және логикалық түрде баяндауды, коммуникативтік сауаттылықты, яғни ақпаратты ауызша және жазбаша түрде жеткізу қабілетін, сыни ойлауды, яғни ақпаратты талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын, сондай-ақ мәдени сауаттылықты, яғни ұлттық және әлемдік мәдениетті түсіну, әдеби және тарихи мұралармен танысуды қамтиды.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін төмендегідей әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады:

Тілдік сауаттылықты дамыту әдістеріне тапсырмалар арқылы сөздік қорды байыту, түрлі мәтіндермен жұмыс жасау, оның ішінде көркем әдебиет, публицистикалық мақалалар мен ғылыми мәтіндерді талдау, диалог, пікірталас, эссе жазу арқылы коммуникативтік дағдыларды жетілдіру, сондай-ақ жаңа сөздерді дұрыс қолдану мақсатында рөлдік ойындар ұйымдастыру жатады.

Әдеби сауаттылықты қалыптастыру тәсілдеріне әдеби шығармаларды оқып, олардың мазмұнын талдау, кейіпкерлердің бейнесін сипаттап, олардың іс-әрекеттерін бағалау, әр түрлі жанрларда шығармашылық жұмыстар жазу, соның ішінде әңгіме, өлең, мақала құрастыру, сондай-ақ интерактивті оқыту технологияларын, мысалы, инсерт, кубик стратегиясы, «миға шабуыл» әдісін қолдану жатады.

Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында төмендегі практикалық тапсырмаларды қолдануға болады:

Тапсырма 1. Мәтінмен жұмыс.

Берілген мәтінді мұқият оқып шығыңыз. Мәтіннің негізгі ойын анықтап, оның қандай мәселені көтеріп тұрғанына назар аударыңыз. Автордың көзқарасын сипаттаңыз: ол қандай пікірді білдіреді, қандай дәлелдер келтіреді, оның ұстанымы қандай?

Осыдан кейін мәтінге байланысты өз ойыңызды қосып, талдау жасаңыз. Мәтіндегі идеялармен келісесіз бе, жоқ па? Неліктен? Өз пікіріңізді нақты дәлелдермен негіздеңіз.

Талдау барысында келесі сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз:

-Мәтін не туралы?

-Оның негізгі идеясы қандай?

-Автордың ұстанымы қандай?

-Сіз бұл пікірмен келісесіз бе? Өз ойыңызды қалай дәлелдей аласыз?

Жауабыңызды жүйелі түрде құрастырып, ойыңызды анық әрі нақты жеткізуге тырысыңыз.

Тапсырма 2. Көркем әдебиетпен жұмыс

Оқушыларға қазақ әдебиетіндегі белгілі бір шығармадан үзінді ұсынылады. Бірінші кезеңде оқушылар үзіндіні мұқият оқып, оның жалпы мазмұнын түсінеді. Оқылған мәтін бойынша негізгі ойды анықтау және автордың көзқарасын талдау тапсырмасы беріледі.

Екінші кезеңде оқушылар кейіпкердің іс-әрекеттерін бағалайды. Ол үшін келесі сұрақтарға жауап береді:

– Кейіпкердің әрекеті қандай сезім тудырды?

– Оның шешімдері мен іс-әрекеттері қандай жағдайға әкелді?

– Егер сіз осы кейіпкердің орнында болсаңыз, қалай әрекет етер едіңіз?

Үшінші кезеңде оқушылар оқиғаның маңызын анықтайды. Олар шығарманың жалпы идеясына сүйене отырып, оның заманауи қоғам үшін қаншалықты өзекті екенін талдайды. Бұл тапсырма оқушылардың әдеби сауаттылығын дамытып қана қоймай, олардың сыни ойлау қабілеттерін жетілдіруге, өз көзқарастарын дәлелді түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Тапсырма 3. Эссе жазу.

Оқушыларға «Тіл – халықтың жаны» тақырыбында эссе жазу ұсынылады. Бірінші кезеңде олар тақырыпты түсініп, өз ойларын жүйелеуі қажет. Эссе жазбас бұрын, «тіл» және «халықтың жаны» ұғымдарының мағынасын ашу керек. Тілдің ұлттық болмыс, мәдени мұра және халықтың тарихымен тығыз байланысы туралы ойлану ұсынылады.

Екінші кезеңде оқушылар эссенің құрылымын анықтайды. Ол үш негізгі бөлімнен тұрады:

1. Кіріспе бөлім – тақырыптың маңыздылығын түсіндіру. Мұнда тілдің қоғамдағы рөлі туралы жалпы ой айту керек.

2. Негізгі бөлім – өз пікірін дәлелдеу. Оқушылар тілдің халықтың рухани байлығы екенін нақты мысалдар арқылы көрсетуі тиіс. Дәлел ретінде қазақ тілінің тарихы, ата-баба мұрасы, белгілі тұлғалардың тілді дәріптеуі немесе тілдің қазіргі қоғамдағы орны туралы ой қозғауға болады.

3. Қорытынды бөлім – эссенің негізгі ойын түйіндеу. Оқушылар тілдің болашағы туралы өз көзқарастарын білдіріп, оны сақтап, дамыту қажеттілігіне тоқталуы тиіс.

Үшінші кезеңде оқушылар жазған эсселерін қайта оқып, мазмұнының логикалық тұтастығын тексереді. Тілдік стильге назар аударып, ойларын анық әрі дәл жеткізуге тырысуы қажет. Эссе жазу арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеті, сыни ойлау дағдылары және өз пікірін дәлелдей білу қабілеті дамиды.

Тапсырма 4. Дебат ұйымдастыру.

Оқушыларға «Қазіргі қоғамда кітап оқудың маңызы» тақырыбында дебат өткізу ұсынылады. Бұл тапсырма олардың сыни ойлау, дәлелдер келтіру және өз көзқарасын қорғау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Алдымен оқушылар екі топқа бөлінеді: **бірінші топ – кітап оқудың маңызы зор екенін дәлелдейтін жақтаушылар, ал екінші топ – қазіргі қоғамда кітап оқудан гөрі басқа ақпарат көздері маңыздырақ деп санайтын қарсы топ.**

Дебат үш кезеңнен тұрады:

1. Дайындық кезеңі – әр топ тақырыпты талдап, өз ұстанымдарын айқындайды. Олар өз пікірлерін қолдайтын дәлелдер жинап, статистикалық мәліметтер, өмірлік мысалдар мен танымал тұлғалардың сөздерін қолданады. Сондай-ақ, қарсы топтың уәждеріне қарсы аргументтер дайындайды.

2. Негізгі кезең – пікірталас. Алдымен жақтаушы топ өз ұстанымдарын баяндайды, содан кейін қарсы топ өз дәлелдерін келтіреді. Әр топ өз пікірін негіздеу үшін мысалдар мен логикалық тұжырымдарды пайдаланады. Топтар бір-біріне сұрақтар қойып, қарсы уәждер ұсынады.

3. Қорытынды кезең – әр топ өз пікірін түйіндеп, негізгі дәлелдерін қысқаша қорытындылайды. Мұғалім немесе арнайы белгіленген қазылар алқасы дебаттың нәтижесін шығарып, екі топтың да дәлелдерін талдап, кері байланыс береді.

Бұл тапсырма оқушылардың зерттеу жүргізу, ақпаратты талдау, өз ойларын нақты әрі сенімді түрде жеткізу дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, олар коммуникативтік дағдыларын жетілдіріп, көпшілік алдында сөйлеу тәжірибесін жинақтайды.

Тапсырма 5. Мәтіндермен салыстыру

Бұл тапсырма оқушылардың мәтінді түсіну, талдау және салыстыру қабілеттерін дамытуға бағытталған. Оқушыларға екі түрлі мәтін беріледі. Бұл мәтіндер жанрлық, стильдік, тақырыптық немесе идеялық тұрғыдан ұқсас немесе қарама-қарсы болуы мүмкін. Алдымен оқушылар мәтіндерді мұқият оқып шығып, олардың негізгі ойын, автордың көзқарасын және мазмұнын түсінуге тырысады. Одан кейін төмендегі қадамдарды орындау қажет:

1. Мәтіндердің негізгі идеясын анықтау – әр мәтіннің не туралы екенін, оның басты тақырыбы мен автордың ұстанымын анықтау.

2. Ұқсастықтарды анықтау – мәтіндердегі ортақ белгілерді табу. Бұл мазмұн, тақырып, көтерілген мәселе, қолданылған көркемдік тәсілдер немесе стильдік ерекшеліктер болуы мүмкін.

3. Айырмашылықтарды белгілеу – мәтіндердің бір-бірінен ерекшеленетін тұстарын талдау. Бұл баяндау стилі, автордың көзқарасы, оқиға желісі, кейіпкерлердің бейнесі немесе мәтіннің жанры бойынша айырмашылықтар болуы мүмкін.

4. Қорытынды жасау – алынған мәліметтер негізінде мәтіндер арасындағы байланыстарды түсіндіру, олардың қандай мақсатта жазылғанын және оқырманға қандай әсер ететінін анықтау.

Оқушылар өз салыстыруларын кесте түрінде немесе мәтіндік талдау арқылы ұсына алады. Бұл тапсырма олардың сыни ойлауын дамытуға, мәтінді тереңірек түсінуге және тілдік қорын байытуға көмектеседі. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау – олардың алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілетін анықтауға бағытталған маңызды процесс. Бұл бағалау оқушылардың мәтінді түсіну, ақпаратты талдау, ой қорыту, пікірін дәлелді түрде жеткізу, түрлі мәселелерді шешу сияқты дағдыларын тексеруге мүмкіндік береді. Функционалдық сауаттылықты бағалау үшін төмендегідей әдістер кеңінен қолданылады:

1. Тест тапсырмалары

Тесттер оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Тест тапсырмалары ашық және жабық сұрақтардан тұруы мүмкін. Ашық сұрақтар оқушылардың өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік берсе, жабық сұрақтар олардың нақты білім деңгейін анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, тест сұрақтары логикалық ойлауға, мәтінді талдауға және ақпаратты дұрыс пайдалана білуге бағытталуы тиіс.

2. Эссе, шығарма, баяндама жазу

Жазбаша жұмыстар арқылы оқушылардың ойлау қабілеті, тілдік сауаттылығы, дәлелдеме келтіру дағдылары бағаланады. Эссе немесе шығарма жазу кезінде оқушы белгілі бір тақырып бойынша өз ойын жүйелі түрде баяндап, аргументтер келтіруі тиіс. Баяндама жазу арқылы оқушылар ақпаратты өндеуді, талдауды және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді үйренеді.

3. Дискуссия, пікірталас ұйымдастыру

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалауда пікірталастардың маңызы зор. Бұл әдіс олардың ауызша сөйлеу дағдыларын, өз көзқарасын қорғау қабілетін, логикалық ойлауын дамытады. Пікірталас кезінде оқушылар мәселені жан-жақты қарастырып, өз ойларын дәлелдеп, қарсы пікірге жауап беру дағдыларын шыңдайды. Мұндай бағалау әдісі оқушылардың коммуникативтік және сыни ойлау қабілеттерін айқындауға көмектеседі.

4. Жобалық жұмыстар арқылы зерттеу дағдыларын дамыту

Жобалық жұмыстар оқушылардың зерттеу қабілетін, өз бетінше ақпарат іздеу және оны талдау дағдыларын дамытады. Бұл әдіс оқушыларға күрделі мәселелерді шешуге, өз жұмысын жоспарлауға және қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Жобалық тапсырмалар оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, топтық жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады.

Функционалдық сауаттылықты бағалау үшін кешенді тәсіл қолдану маңызды. Оқушылардың жетістіктерін тексеру барысында олардың теориялық білімін ғана емес, оны практикада қолдану қабілетін де бағалау қажет. Бұл әдістер олардың шынайы өмірге дайындығын арттырып, алған білімдерін түрлі жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту – оқушылардың білім сапасын арттырумен қатар, олардың өмірлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған кешенді процесс. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушыларға тек теориялық білім беріп қана қоймай, оны тәжірибеде қолдануға үйрету маңызды. Функционалдық сауаттылықтың басты мақсаты – оқушылардың алған білімдерін шынайы өмірде пайдалана білуіне жағдай жасау.

Оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру арқылы олардың ойлау қабілеті дамиды, пікірін еркін жеткізуге деген сенімі артады. Кез келген ақпаратты талдау, оның маңыздылығын анықтау және негізгі ойын бөліп алу дағдылары олардың академиялық жетістіктеріне ғана емес, болашақ кәсіби өміріне де оң әсер етеді. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында шығармашылық қабілеттерді дамытуға баса назар аудару – тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың негізгі тетіктері ретінде жобалық жұмыстар, пікірталастар, шығармашылық тапсырмалар, мәтіндік талдаулар және рөлдік ойындар ерекше орын алады. Бұл әдістер оқушылардың тілдік сауаттылығын ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік, аналитикалық және сыни ойлау дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

Зерттеулер көрсеткендей, функционалдық сауаттылық деңгейі жоғары оқушылар ақпаратпен тиімді жұмыс істей алады, өз ойын еркін білдіруге қабілетті және қоғамда өз орнын табуға бейім болады. Демек, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалдық сауаттылықты жүйелі түрде дамыту – тек мектеп деңгейіндегі міндет емес, бұл – болашаққа бағытталған стратегиялық қадам.

Қорыта айтқанда, ұсынылған әдістер мен практикалық тапсырмаларды жүйелі түрде қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың білімге деген қызығушылығын оятып, шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалімдер оқыту үрдісінде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың тілдік және әдеби сауаттылығын жетілдіруге ерекше көңіл бөлуі тиіс. Бұл олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына және болашақта бәсекеге қабілетті маман болып шығуына негіз болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР білім және ғылым министрлігі. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 ж. арналған мемлекеттік бағдарламасы».
2. Қалиев С. «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі». - Алматы: Мектеп, 2019.
3. Сыздықова Р. «Қазақ тілінің стилистикасы». - Алматы: Ана тілі, 2020.
4. Аханов К. «Тіл білімінің негіздері». - Алматы: Санат, 2021
5. ҚР орта білім беру стандарты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚУШЫ БОЙЫНА ДАРЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Таутиева Айнагуль Хайруловна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
«Ақмола облысы Бұланды ауданы Никольск ауылының №1
жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Аннотация. Аса көрнекті ағартушы, ғалым-этнограф, ақын, жазушы, аудармашы, ұстаз, кирилл харпіндегі қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы Ыбырай Алтынсарин қоғамдық қайраткерлігімен, шығармашылығымен қазақ халқының әлемдік өркениетті мәдениетпен танысуына, халықтар арасындағы достықты нығайтуға шақырып, ұлт мүддесі мен ұлт мұраты үшін бар өмірін сарп етті. Ол халықтың рухани әлеміне шамшырақ бола білді.

Ағартушы ұстаздың артында қалдырған рухани мұрасы аса бай, алуан жанрлы. Соның ішінде жас бұтақ секілді солқылдаған жас буынның бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік сияқты құнды қасиеттерді сіңіріп тәрбиелеуде ағартушы шығармаларының алатын орны ерекше. Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің мұрасындағы адамгершілік және ұлттық құндылықтардың қазіргі педагогикаға қосатын оразан зор үлесі туралы жан-жақты таратылып айтылады.

Ыбырай Алтынсариннің шығармалары жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке, ізгі қасиеттерді үйретуге ұлттық құндылықтарды дәріптеуге шақырады. Сонымен қатар мақалада Ыбырай Алтынсариннің шығармаларындағы сол кездегі қоғамның өткір мәселесі қазіргі кезде де өзектілігін жоймаған мәселелердің бірі екені баяндалады. Сонымен қатар ғалымдар мен зерттеушілердің тақырыпқа қатысты пікірлері беріледі.

Түйін сөздер: педагогика, ағартушы, ұлт мүддесі, ұлттық құндылықтар

Ыбырай Алтынсарин алдымен мұғалімдік пен жазушылықты бір-біріне ұштастыра білген ұлы ұстаз, білім берудің ұлттық парадигмасының негізін қалаушы. Қазақ мәдениетінің алғашқы қайраткерлерінің бірі. Қазақ даласында бұрын-соңды болмаған жаңа үлгідегі мектеп ашып, оның өзіне ғана тән ерекшелігі бар бағдарламасын, оқу-құралдарын жазушы, шаруашылық есеп-қисабын да жүргізуші. Өзі ұстаз, өзі ұйымдастырушы.

Қазақ тарихында педагогикалық ой-пікірдің, педагогтік-демократиялық көзқарастың негізін тұңғыш қалаушы. Ыбырайдың бұрынғы ел қамын ойлаған озық ойлы қазақ оқығандарынан айырмашылығы – ол халықты оқу-білімге шақырып қана қоймай, іс жүзіне де асыра білді.

Мектептегі басты тұлға – мұғалім екенін ескертіп: «Мектеп қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектептерде ғана», – деп мектеп туралы тұңғыш ой-пікір қозғаған да, адам бойына қайырымдылық, ізгілік, ізет, мейірім шуағын сіңіріп, Ар ілімін (Шәкәрім) ардақтаған, тәрбие ісін жолға қоя білген де Ыбырай Алтынсарин болатын. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу – маржан жырларын шығармаларына арқау еткен жазушы.

Қараңғылықтың қамытын киген заманда білім шамшырағын жағып, білім ұранын биікке көтерді. Елді надандықтан құтқаратын, игілікке бастайтын тек білім деп есептеген Ыбырай Алтынсарин бар ғұмырын ағартушылық жолға арнап, қазақ даласында мектептер ашты.

Сондықтан оны «Тұңғыш дала қоңырауы» деп атады. Ыбырай Алтынсарин шығармалары ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, оқушы бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады.



Біз осы мақалада қазіргі педагогикадағы адамгершілік және ұлттық құндылықтар тұрғысынан Ыбырай Алтынсарин мұрасының маңыздылығына кеңірек тоқталамыз.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 20 қазанда қазіргі Қостанай облысы Затоболск ауданында дүниеге келген. Шын есімі – Ибраим. Ыбырай Алтынсариннің өмірлік ұстанымы қазақ даласында мектеп ашу, жастардың білімді, сауатты болуына жағдай жасау, қазақ жастарының бойында адамгершілік қасиеттерді сіңіре отырып, елге қызмет ететін мінезді азамат қалыптастыру еді. Сол заманда жаз жайлауда, қыс қыстауда көшіп жүрген халықтың қалыптасқан тұрмысын өзгертіп, мектеп салу оңай емес еді. Бұл сөзімізге оның Н.И.Ильминскийге жазған хаты айқын дәлел. Ол Н.И.Ильминскийге жазған хатында қуанышын былайша жеткізеді: «8 қаңтарда көптен күткен арманым іске асып, мектеп ашылды. Оған қырғыздың (қазақтың) 14 баласы түсті. Бәрі де жақсы, зерек балалар. Мен балаларды оқытуға қызу кірістім» [1,10]. Сол кездегі көзбен қарағанда, заманына сай зәулім мектепте оқу ісін жаңаша әдістеме бойынша оқытып-үйретуді енгізеді. Оқытудың көрнекілігі, тәжірибе мен бақылау, оқытудың белгілі мақсатқа құрылуы, класс жұмыстары мен кластан тыс жұмыстардың түрлерін қазақ даласында алғаш жүзеге асырған адам. Ол оқыту әдісін орыс мектебінің озық үлгісіне негіздеп жазуды жоспарлады. Соның негізінде мектеп оқушыларына арналған оқу құралдары мен бағдарламалар, нұсқау хаттар жазды. Мектептердің физикалық, химиялық, астрономиялық құралдарымен жабдықталуын қолға алып, оқушылардың түрлі ғылым мен өнер саласындағы жаңалықтарды біліп отыруына жағдай жасады. Ыбырай Алтынсарин педагогикасы дәл қазіргі уақытта да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Мәселен оның балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар ретінде ұсынған оқытудағы әңгіме, түсіндіру әдістері қазіргі педагогикада күні бүгінге дейін қолданылып келеді.



1-сурет. Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептерінің бірі

Ағартушы қазақ тарихында оқулық жасаудың негізін салды. Ол 1879 жылы орыстың озық педагогтарының оқу құралдарын басшылыққа ала отырып, қазақ ауыз әдебиеті мен әдет-ғұрыптарына негізделген «Қазақ хрестоматиясы» оқулығын бастырып шығарды. Бұл кітаптағы материалдар іріктеліп, жүйеленіп берілген [2, <https://elib.kaznu.kz/>]. Ондағы мақсат – әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпынан, салт-дәстүрлерінен түсінік бере отырып, кәсіптік тәрбиені дәріптеу, баланың бойына адамгершілік, еңбексүйгіштік, қасиеттерді дарыту, жауыздық, екіжүзділік, дүниеқорлық, т.б. жексұрын мінез-құлықтарды әшкерелеу.



2-сурет. Ыбырай Алтынсарин Қостанай орыс-қазақ мектебінің шәкірттері және ұстаздарымен бірге. 1889 жылдың сәуір айы. Қостанай қаласы.

«Қазақ хрестоматиясы» оқу құралына енген ертегі, аңыздары мен мақал-мәтелдері, өлеңдердің барлығы да оқушыны еңбекқорлыққа, адамгершілікке шақырады. Мәселен, құрдасы, атақты ақын, жырау Марабай Құлжабайұлының аузынан жазып алған «Қобыланды батыр» жырының үзіндісін «Тайбурылдың шабысы» деп осы кітабына енгізуінің өзі оның таным-түсінігінің молдығын көрсетеді. Яғни, «Қобыланды батыр» жырын тұңғыш рет баспа бетіне шығарған да Ыбырай Алтынсарин. «Қазақ хрестоматиясы» негізінен Ыбырайдың төл шығармаларынан «құралып», педагог Ыбырай – ақын Ыбырайға, жазушы Ыбырайға айналып қана қоймай, сыншы-ғалым ретінде бой көрсетті. Өзінің төл шығармаларын, ауыз әдебиеті үлгілері мен аудармаларды белгілі жүйемен орналастыра білген Ыбырай сыншылық ой мен оқымыстылықтан кенде емес. Міне, осы қасиеттер «Қазақ хрестоматиясын» әдебиеттану ғылымының сонау ХІХ ғасырдағы үлкен көрінісі. Ыбырай тарихи әңгіме жазған тұңғыш қазақ жазушысы («Жәнібек батыр»).

Ыбырай Алтынсарин – қазақтан шыққан алғашқы этнограф-ғалым. «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және той жасау дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрінің очеркі» т.б. еңбектері бар. Осылайша қазақ халқының жерлеу, ас беру, той жасау, құда түсу, қыз ұзату дәстүрлерін тереңінен зерттеген.

Ыбырай Алтынсарин алғашқы публицистердің бірі. «Оренбургский листок» газетіне мақалалары жарияланып тұрған. Сондай-ақ ұлы ағартушының «Қазақ хрестоматиясы» оқулық болуымен қатар, публицистика әрі көркем әдебиет үлгілері, әрі танымдық-тағылымдық мәні зор еңбек [3, 5].

Ыбырай Алтынсариннің «Малды пайдаға жарату», «Білгеннің пайдасы», «Мұжық пен жасауыл», «Петр патшаның тергелгені», «Жомарт», «Сарандық пен жинақылық» атты әңгімелерінде әр нәрсені қажетіне қарай үнемдеп, жұмсау (экономика) мен кәсіпкерлік жайында ой толғайды. Еңбек етуге үндеп, кәсіптік білім алуға шақырады. Үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп қана қоймай, Орынбор, Торғай қалаларында ер балаларға арналған ағаш ұсталығын, қыз балаларға арналған киім тігу үлгілерін үйрететін колонер училищелерін және ауылшаруашылық мектептерін, олардың жанынан монша салып, кітапханалар ашуы оның өз ісін сүйген шынайылығын көрсетеді.

Сонымен қатар оқулықтағы материалдар бастауыш сынып оқушыларының оқуына оңай, тілі жеңіл, тез түсініп алуға арналды. Ыбырай Алтынсарин Пауэльсон, Ушинский, Толстой секілді орыс жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударып, оқулыққа енгізді. Аталған шығармалардың барлығында да қайырымдылық, қанағат ету, кішіпейілділік, тәрбиелілік, еңбексүйгіштік сияқты өресі биік адамгершілік қасиеттер дәріптеледі. Ыбырай Алтынсарин осы шығармаларды оқыту арқылы ұрпағының таза ниетті, ақ жүректі, иманды, инабатты, халқына қызмет ететін, еліне пайдасы тиетін адал азамат болып қалыптасуын

көздеді. Мәселен қазіргі 5-сынып қазақ әдебиеті оқулығына енген «Қыпшақ Сейтқұл», «Дүние қалай етсең табылады», «Атымтай жомарт» әңгімелері осы сөзімізге дәлел бола алады. «Атымтай жомарт» әңгімесінде жазушы халық арасына кең танымал болған есім – Атымтай жомарт туралы аңыздарға жаңаша мазмұн беріп, оқушыға Атымтай жомарттың кім екенін, қандай азамат екенін тереңірек ұқтырады. Жазушы Атымтайдан еңбек адамының мықты үлгісін жасап көрсеткен. Шығармада Атымтай қанша бай болса да, мен баймын деп жатпастан жұмыс істейді. «Күн сайын өз бейнетіммен, тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады», [4, 45] – деген сөйлемдер оқып отырған оқушыны кәсіпке деген сүйіспеншілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелейді. Жазушының еңбектері қазіргі педагогикадағы адамгершілік және ұлттық құндылықтарды дәріптейтін шығармалар. Ыбырай Алтынсариннің «Малды пайдаға жарату», «Дүние қалай етсең табылады», «Білгеннің пайдасы», «Мұжық пен жасауыл», «Петр патшаның тергелгені», «Жомарт», «Сараңдық пен жинақылық» атты әңгімелерінде әр нәрсені қажетіне қарай үнемдеп, жұмсау (экономика) мен кәсіпкерлік жайында ой толғайды. Еңбек етуге үндеп, кәсіптік білім алуға шақырады. Үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп қана қоймай, Орынбор, Торғай қалаларында ер балаларға арналған ағаш ұсталығын, қыз балаларға арналған киім тігу үлгілерін үйрететін қолөнер училищелерін және ауылшаруашылық мектептерін, олардың жанынан монша салып, кітапханалар ашуы патриоттық іс еді.

Ыбырай Алтынсарин өзінің қара сөздерінде тәрбиелік мәнді, қысқа сюжетті, шағын әңгімелердің алғаш рет негізін салды. Демек, осы тұрғыдан алып қарасақ Ыбырай ақын, тұңғыш педагог, ұстаз – ғалым. Оның мұрасы тарихқа да әдебиетке де тән, ұстаздық тәрбиелік ой-пікірілері қазақтың таусылмас қазынасы.

Ақын өзінің белгілі өлеңінде:

Бір Құдайға сыйынып,

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!-

деген жолдарды әдейі қайталай отырып, оқу-білімнің пайдасын айтуда бала жүрегіне жол таба білген. «Қазақ хрестоматиясы» оқулығында сөз басы ретінде осы өлеңнің басты төрт жолы берілген еді. Қазақ әдебиетінде бұған дейін оқу-білім өнерге бірыңғай шақыратын мұндай жырлардың жоқтығын ескерсек, осы «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің мән-маңызы атты өлеңін бастан-аяқ тың мазмұнды, жаңа сипатты шығарма дей аламыз.

Қорытындылай келе, ескілік дәстүр дәріптелген әрі отаршылықтың отты лебі жалындап тұрған дәуірде қазақ даласында заманына лайықты мектеп ашу қай елде болмасын ұлағатты да ұлы істердің бірі екені анық. Ыбырай Алтынсарин қараңғы қоғаммен күресе жүріп, ұлт мектебін, ұлт мәдениетін қалыптастыруға үлкен үлес қосты. Оның ықпалымен білім алуға деген халық санасы өсіп, олардың осы талпынысы жеңіске жеткізіп отырды. Орыс саясаты дендеген, мектеп деген ұғымды бұрын білмеген сайын сахарда ұлы ұстаздың мектеп ашудағы еңбегі жанкештілікпен пара-пар. Қазіргі педагогикадағы адамгершілік және ұлттық құндылықтарды дәріптейтін бірден-бір еңбек – Ыбырай мұрасы екені даусыз. «Қара перденің» шымылдығы түрілген бейбіт заманда ұлы істердің ұйытқысы болған ұлы ұстаздың ерен еңбегін, шығармашылығын зерттеп, насихаттау ар алдындағы парымыз.

Жеріміздің тұтастығын, еліміздің бірлігін ойлап, тәуелсіздік үшін күрескен тұлғаларымыздың да бастауында Ыбырай Алтынсарин тұр десем артық айтқандық емес. Ыбырай Алтынсарин шын мәнінде ұлттың ұлы ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Ыбырай Алтынсарин» // Жаңа Сарыарқа журналы, №2, 2006. –10 бет.
2. Электронды кітаптары: <https://elib.kaznu.kz/>
3. Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» Алматы, 2003ж.
4. Б.Керімбекова, Ә.Қуанышбаева «Қазақ әдебиеті». /Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық/ Алматы, 2017ж.
5. <https://elibrary.kaznu.kz/kk/node/260>
6. Виртуальді көрме: <https://elibrary.kaznu.kz/wp-content/uploads/2021/08/ybyraialtynsarin.pdf>

КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕГІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Жусупова Назгуль Бекетбаевна,
ағылшын тілі мұғалімі,

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің
Көкшетау қаласының № 21 мектеп-лицейі» КММ

I. Кіріспе.

Заманауи өмір сүру үлгісі адамдардан жан-жақты болу, компьютерлік технологиялармен шет тілдерді білуді талап етеді. Шет тілдерді, әсіресе, ағылшын тілін оқу болашақта жақсы маман иесі атануға, өзін өзі жан-жақты дамытуға үлкен әсерін тигізеді. Ағылшын тілінің халықаралық қатынас тілі екені баршаға мәлім. Ол өміріміздің әр түрлі сферасында қолданылады. Алайда, көптеген оқушылар ұстаздары мен ата-аналарына «Шетелге шықпасам, шетел азаматтарымен араласпасам, ағылшын тілін не үшін оқуым керек?» деген сұрақты қойып жатады. Бұл мәселе мені өте қызықтырды. Сондықтан, қазіргі заманда ағылшын тілін білмесе қалай болады деген сұраққа жауап іздедім.

Мақаланың мақсаты: күнделікті өмірдегі ағылшын тілінің рөлі мен орнын анықтау.

Міндеттері:

5-7 сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізу.

Заманауи адамның өміріне ағылшын тілін білудің әсерін анықтау.

Өмірімізде ағылшын тілінің қандай орын алатынын көрсету.

Ағылшын тілін білетін адамның артықшылықтарын көрсету.

Қазіргі заманда ағылшын тілін білмеген адам көп нәрселерге қол жеткізе алмайды.

II. Негізгі бөлім.

Ethnologue.com сайтының мәліметі бойынша шет тілдері ішінде бірінші орында - қытай тілі екен. Әлемде қытайша 38 ел сөйлейді. Екінші орында испан тілі. Бұл тілде 31 ел сөйлейді. Ал, ағылшын тілі үшінші орын алып отыр екен. Әлем бойынша шамамен 378 миллион адам ағылшын тілінде сөйлейді. Бірақ, Шекспир тілінде сөйлейтін әлем бойынша 118 мемлекет бар екен. Ғалымдардың пайымдауынша, ағылшын тілі өзінің жетекші позициясын алдағы 50-70 жылда жоғалтпайды. Біздің ағылшын тілінен енген сөздерге бойымыздың үйренгені соншалық, тіпті оларды байқамаймыз. Мақаланы жазбастан бұрын, ағылшын тіліндегі немесе ағылшын тілінен енген сөздерді қаншалықты жиі кездестіретініме шолу жасадым. Осындай сөздерді телевизиялық бағдарламалардан, оқушылардың әңгімелерінен, бізді қоршаған жарнамаларда, жазбалардан байқадым.

- **Ранняя** – способности проявляются с дошкольного возраста. Методы: программы раннего развития, игры на развитие интеллекта, музыкальное или художественное обучение.

- **Поздняя** – одарённость становится заметной в подростковом возрасте. Методы: выявление интересов, создание благоприятной среды, поддержка со стороны педагогов и родителей.

- По стилю мышления:

- **Дискурсивная** – логичность, последовательность в мышлении. Методы: развитие критического мышления, работа с логическими задачами, участие в научных дебатах.

- **Интуитивная** – творческий подход, быстрые нестандартные решения. Методы: креативные задания, мозговые штурмы, упражнения на развитие воображения.

Таким образом, подход к выявлению и развитию одарённости должен быть комплексным, учитывать индивидуальные особенности ребёнка и создавать условия для максимального раскрытия его потенциала.

Развитие одарённости зависит от среды, условий воспитания и педагогических методов. Существуют специализированные программы и школы для одарённых детей, индивидуальные образовательные маршруты.

Одарённые дети обладают особыми характеристиками, которые отличают их от сверстников и требуют особого подхода к обучению и воспитанию. Их развитие происходит неравномерно, сочетая высокий уровень интеллектуальных, творческих или физических способностей с эмоциональными и социальными особенностями. Одной из ключевых характеристик одарённых детей является высокая познавательная активность. Они обладают развитым воображением, способностью к абстрактному мышлению, быстротой усвоения информации и стремлением к самостоятельному поиску знаний. Однако у них могут наблюдаться трудности в усвоении традиционных школьных программ, если они не находят их достаточно сложными или интересными.

Эмоционально-личностные особенности одарённых детей также играют важную роль в их развитии. Они часто обладают высокой чувствительностью, глубокой эмпатией и развитым чувством справедливости. Многие из них могут проявлять повышенную тревожность, перфекционизм и сильную потребность в признании своих достижений. Из-за высокой самокритичности и стремления к идеалу у них могут возникать эмоциональные перегрузки и сложности в общении со сверстниками. Социальная адаптация одарённых детей может быть сложной, так как их высокий уровень интеллекта и интересы часто отличаются от интересов сверстников. Некоторые из них испытывают трудности в установлении контактов, предпочитая общество взрослых или более старших детей, а другие обладают ярко выраженными лидерскими качествами и стремятся к активному взаимодействию с окружающими.

Одарённые дети обладают выдающимися способностями в различных сферах, однако их развитие сопровождается рядом проблем и специфических потребностей, которые требуют особого внимания со стороны педагогов и родителей. Эти дети нередко сталкиваются с трудностями как в учебной среде, так и в социальной и эмоциональной сферах. Одной из главных проблем является несоответствие традиционной образовательной системы их уровню развития. Стандартные учебные программы могут казаться им слишком простыми, что приводит к потере интереса к учёбе, скуке и недостаточной мотивации. Одарённые обучающиеся нередко быстрее осваивают материал, чем их сверстники, и нуждаются в усложнённых заданиях, дополнительных проектах и индивидуальном образовательном маршруте. Помимо этого, одарённые дети часто испытывают сложности в социальной адаптации. Их интересы и уровень мышления могут отличаться от сверстников, из-за чего они иногда оказываются в изоляции или становятся объектами непонимания со стороны окружающих. Взаимодействие с другими детьми может быть затруднено, особенно если у одарённого ребёнка проявляются лидерские качества, стремление к самостоятельности или критическое отношение к общепринятым нормам. Эмоциональные трудности также являются распространённой проблемой среди одарённых обучающихся. Они часто обладают повышенной чувствительностью, глубокой эмпатией и высоким уровнем самокритики. Стремление к совершенству и боязнь ошибок могут приводить к стрессу, тревожности и даже эмоциональному выгоранию.

Среди ключевых потребностей одарённых обучающихся можно выделить необходимость в поддержке их интеллектуального развития, создании среды, в которой они могут раскрывать свой потенциал, и предоставлении возможностей для творческой самореализации. Им важно иметь доступ к усложнённым заданиям, участию в научно-исследовательской и проектной деятельности, а также к возможностям общения с единомышленниками. В практике работы в малокомплектной школе мне довелось наблюдать ученицу 4 класса, обладающую выдающимися математическими способностями. Её скорость усвоения материала существенно опережала сверстников, и традиционная программа не могла удовлетворить её потребности.

Решением стало включение её в дистанционные занятия с учащимися старших классов, участие в олимпиадах и разработка индивидуального образовательного маршрута, включающего проектную деятельность. Такой подход не только поддержал её интерес, но и помог избежать скуки на уроках.

Одарённые дети обладают высокой познавательной активностью, способностью к абстрактному мышлению, быстротой усвоения информации и стремлением к самостоятельному поиску знаний. Многие из них проявляют выраженную любознательность, нестандартное мышление, умение находить оригинальные решения задач и склонность к экспериментированию. Однако наряду с этим у них могут наблюдаться трудности в усвоении традиционных школьных программ, если они не находят их достаточно сложными или интересными. Например, в моей практике был случай, когда ученик 3 класса с выраженной литературной одарённостью практически не интересовался стандартными заданиями по чтению, но охотно создавал собственные рассказы. Вместо навязывания стандартных форматов работы я предложила ему вести личный дневник, в котором он описывал события от лица выдуманных персонажей. Это дало потрясающий эффект: ребёнок стал не только лучше понимать художественные произведения, но и активнее участвовать в обсуждениях, высказывая нестандартные суждения.

Одарённые дети нередко сталкиваются с трудностями как в учебной среде, так и в социальной и эмоциональной сферах. Одной из главных проблем является несоответствие традиционной образовательной системы их уровню развития. Стандартные учебные программы могут казаться им слишком простыми, что приводит к потере интереса к учёбе, скуке и недостаточной мотивации. Одарённые обучающиеся нередко быстрее осваивают материал, чем их сверстники, и нуждаются в усложнённых заданиях, дополнительных проектах и индивидуальном образовательном маршруте. Кроме того, такие дети часто испытывают сложности в социальной адаптации. В малокомплектных школах, где классы небольшие, им бывает трудно найти единомышленников. Например, у меня был ученик, увлекающийся астрономией, но из-за отсутствия интереса к этой теме у одноклассников он чувствовал себя одиноким. Решением стало подключение его к онлайн-клубам юных астрономов, участие в конкурсах и написание научно-популярных статей, что позволило ему чувствовать себя значимым и мотивированным.

На основании вышеизложенного можно выделить несколько эффективных методик работы с одарёнными детьми:

1. Индивидуальные образовательные маршруты. Позволяют учитывать уровень подготовки и интересы ребёнка. Например, один из моих учеников 4 класса изучал основы программирования параллельно с основной программой, что мотивировало его к самостоятельному обучению.

2. Проектная деятельность. Способствует развитию креативного мышления и исследовательских навыков. Например, в рамках занятий по окружающему миру ученики разрабатывали собственные мини-исследования и представляли их на школьных конференциях.

3. Менторство и наставничество. Связь с более опытными специалистами в интересующей области может сыграть ключевую роль. Для одного из моих учеников, интересующегося журналистикой, огромным толчком стало участие в школьной газете под руководством опытного педагога.

4. Создание комфортной эмоциональной среды. Одарённые дети часто сталкиваются с высокими ожиданиями и страхом неудач. Важно поддерживать их эмоционально, помогать преодолевать трудности, а также создавать ситуацию успеха.

Таким образом, создание образовательной среды для одарённых детей требует комплексного подхода, учитывающего их индивидуальные особенности, интересы и эмоциональные потребности. Использование индивидуализированных программ, проектной деятельности и наставничества позволяет раскрыть потенциал талантливых учащихся и поддерживать их мотивацию к обучению. Опыт работы в малокомплектной школе показывает, что даже в условиях ограниченных ресурсов возможно создание эффективной системы поддержки одарённых детей, если грамотно подойти к организации учебного процесса.

Список использованной литературы:

1. Выготский Л.С. «Психология развития ребёнка». – М.: Педагогика, 1984.
2. Рензулли Дж. С. «Трёхкольцевая концепция одарённости». – Нью-Йорк: Academic Press, 1978.
3. Стернберг Р. «Успешный интеллект». – М.: Академия, 2005.
4. Гарднер Г. «Структуры разума: Теория множественного интеллекта». – М.: Когито-Центр, 2007.
5. Шадриков В.Д. «Деятельностный подход к одарённости». – СПб.: Питер, 2011.
6. Термен Л.М. «Генетика и одарённость». – М.: Наука, 1999.
7. ЮНИСЕФ. «Анализ положения детей в Республике Казахстан». – 2019. unicef.org
8. Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики». «Влияние социальных факторов на формирование образовательной траектории интеллектуально одарённой молодёжи». – 2015. publications.hse.ru
9. Национальный центр оценки качества образования. «Международные исследования PISA». – 2018. narc.kz
10. Энциклопедия «Лучшие люди Казахстана». «Одарённые дети – будущее Казахстана». – 2020.

ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘМБЕБАП ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРДІ СӘТТІ МЕНҒЕРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Мухамеджанова Гульвира Советовна,
педагогика ғылымдарының магистрі,
«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ жанындағы
көпсалалы колледжі, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы

Мұғалім – болашақ ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі басты тұлға. Оның кәсіби дайындығынан, құзыреттілік деңгейінен қоғамымыздың әр азамат тұлғасының қалыптасуы, елдің зияткерлік әлуетінің дамуы тәуелді болады. Педагогикалық үдерістің кілтті тұлғасы ретінде мұғалім тек өз мамандығына қатысты пәндік-арнайы құзыреттіліктерді игеріп қоймай, педагогикалық үдерістің нәтижесін жоғары сапаға көтеретін, оқушыларды жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыратын әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерді игеруі қажет. Әмбебап педагогикалық құзыреттіліктер мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекетінің сапасын анықтап, тәжірибесін молайтып қана қоймай, сонымен қатар оның тұлғалық сапалары болып табылады. Әмбебап педагогикалық құзыреттіліктердің мазмұнында педагогтың тұлғалық қасиеттеріне ерекше назар бөлгеніміздің себебі, ең бірінші, мұғалімнің адами тұлғалық сапалары оқушыларға ықпал етеді, содан кейін ғана білімдері, тәжірибелері, іскерліктері, дағдылары педагогикалық фактор болып табылады. Мұғалім мамандығында тұлғалық сапалар кәсіби сапалардан ажыратылмайды. Сол себептен оқушылармен қарым-қатынаста мұғалімнің тұлғалық сапаларының айқындалуы кәсіби маңызды.

Зерттеу мәселеміздің тарихи-педагогикалық талдауы Я.А.Коменскийдің, К.Д.Ушинскийдің, А.С.Макаренконың, В.А.Сухомлинскийдің, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбайұлының, М.Жұмабаевтің және т.б. педагогикалық ойдың әйгілі қайраткерлердің еңбектерінде мұғалімді ең алдымен азамат, гумандық тұлға, балаларды және өз ісін сүйетін, барлық қажетті білімдер, қабілеттер, жоғары рухани-адамгершілік сапаларды игерген тұлға деп анықтағандарын көрсетті. Олардың кәсіпқой мұғалімге қоятын талаптары қазіргі талаптармен сәйкес келіп тұр деп айтуға болады. Ал дайындық мәні әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделетінін анық көріп отырмыз. Қазақстанда барлық мұғалімдерге ортақ жалпы педагогикалық іскерліктер мен дағдылар мәселесін алғашқы көтерген профессор М.Ә.Құдайқұлов. Ғалым жүйелі талдаудың негізінде педагогикалық іс-әрекеттердің үш тобын ажыратады: жалпы педагогикалық, кәсіби-педагогикалық, кәсіби-әдістемелік [1]. Профессордың зерттеулеріне сүйеніп, әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерді барлық мамандық мұғалімдеріне ортақ жалпы педагогикалық, жалпы дидактикалық әмбебап құзыреттіліктер жиынтығы деп түсінеміз. Мұғалім мамандығы бір уақытта басқарушы және түрлендіруші болып келеді, оның мәні тек білім беруде ғана емес, тұлғаны жасау миссиясында. Ал тұлғаны дамыту үдерісін басқару үшін педагог кәсіби маңызды сапаларға ие болуы қажет. Болашақ мұғалімдердің кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыру жолдарын зерттеген Отандық ғалым К.С.Успанов өз еңбегінде педагогикалық үдерісте болашақ мұғалімдерді адамгершілікке, азаматтыққа, ізгілікке тәрбиелеуді кәсіби даярлаудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырады [2].

Педагогтың кәсіби маңызды сапасы оқушы тұлғасын құрметтеуі, оқушыларға деген махаббаты, «өз жүрегін сыйлай білу» қабілеті, іске деген сүйіспеншілігі, жоғары мәдениеті және адамгершілігі, педагогикалық ынтамақтастықпен біріккен шығармашылығы, өзіндік жетілдіру қажеттілігі сияқты педагогикалық іс-әрекеттің өсиеттеріне сәйкес болуы керек. Мұндай өсиеттер мұғалімнің басым құндылықтары болып табылмаса, өз пәнін керемет білсе де, педагогикалық іс-әрекетінің табысты нәтижесін көре алмайды. Әрбір мұғалім құзыретті, бірақ әмбебап педагогикалық құзыреттіліктің доминантты сапалары болып табылатын мұғалімнің кәсіби маңызды сапаларына барлығы ие болмайды. Сондықтан, әмбебап педагогикалық құзыреттіліктер кез келген мамандық мұғалімінің кәсіби маңызды сапаларымен бірлікте көрініп, мазмұнын құрайды. Мұндай бірлікті педагогтың тұлғалық сапаларын сипаттайтын гуманистік бағдарынан көреміз. Осыдан студенттердің әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру міндеті алғашқы болуы қажет екені айқын.

Құзыреттілік табиғаты «іс-әрекеттік» тұрғыда болатынын ескерсек, онда білім беру мазмұнын менгеру жолдары, яғни оқыту әдістері сәйкес болуы қажет екені анық. Осыдан, педагогикалық үдерісте оқыту мазмұнын және әдістерін жүйелі интеграциялау негізінде әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға болады. Бұл мақсатқа педагогикалық үдерісті ынталандыратын, ынтамақтастықты көздейтін, оқу іс-әрекетінің оң нәтижелеріне жетуді қамтамасыз ететін оқытудың интербелсенді әдістері сәйкес келеді. Оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану іс-әрекет амалдарын менгерудің қажетті шарты болатын білім беру үдерісінде танымдық іс-әрекетті және шығармашылық қабілеттерді белсендіруге жағдай жасап, әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастырады.

Интербелсенді әдістерді оқыту үдерісінде пайдалану тәжірибесі, сонымен қатар бұл мәселені теориялық ұғынуы С.А.Мухина, А.А.Соловьева т.б. авторлардың еңбектерінде көрініс тапты [3]. Интербелсенді оқыту – өзара әрекеттестік арқылы оқыту. Интербелсенді оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделі отырып, жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталады қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Интербелсенді оқыту әдістері субъект-субъект арасындағы, яғни оқытушы мен студенттердің өзара ынтымақтастығын, шығармашылығын және студенттердің өзара әрекеттестігін көздейді. Оқыту үдерісінде интербелсенді әдістерді қолданудың қажеттілік позициясын ұстануымыздың басты себептері неде?

Біріншіден, білім беру субъектілерінің реттелген өзара әрекеті педагогикалық үдерісте жоғары жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Оқытудың интербелсенді әдістерінде орын алатын диалог ойдың одан қарай өрбуіне түрткі болып, іс-әрекеттің басқа элементтерін жетілдіруге жол ашады. Диалог барысында оқытушылар, студенттер өзіндік тәжірибелерімен, тың ойларымен бөлісуге мүмкіндік алады. Ал педагогикалық іс-әрекетте оқытуды екі жақты үдеріс деп қарастыратын, оқытушыларды толық құқылы серіктестер, тұлға ретінде есептейтін оқытушы ғана жоғары жетістіктерге жетіп, соның нәтижесінде оқыту мен тәрбиенің міндеттерін жүзеге асырады. Мінез мінез арқылы тәрбиеленеді, тұлға тұлға арқылы қалыптасады деген педагогикада аксиома бар емес пе?

Екіншіден, белсенділік принципі ұжымдық жұмысқа барлық қатысушылардың белсенді және тұрақты қатысуын қамтиды. Студенттің белсенділігі білім мен таным процесіне қатысты өзінің белсенді ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал бұл жеке тұлғаны дамытудың бірден бір жолы болып табылады.

Үшіншіден, оқытудың интербелсенді әдістері студенттердің шығармашылық және инновациялық іс-әрекетінің тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік ашады. Сайып келгенде, бұл студенттердің әмбебап педагогикалық құзыреттілігінің қалыптасуына болымды әсер етеді.

Болашақ мұғалімдердің әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру тұрғысынан ерекшеленген интербелсенді әдістердің негізгі сипаттамасын және мүмкіндіктерін қарастырайық.

Замануи педагогиканың инновациялық саласы – киберпедагогика деп аталып жүр. Киберпедагогика – желіде даму, желіде тәрбие, желіде үйрену. Жасанды интеллекттің дамуымен бірге адамдарды мазалаған сан сұрақтар да бар. Сол сұрақтардың ішінде оқу-тәрбие үдерісіне қатысты сауалдар орын алуда. Мысалы, педагогика пәнінен «Қоғамдағы мұғалімнің рөлі. Мұғалімге қойылатын талаптар» тақырыбын талдау барысында жасанды зияткерлік қабілетке ие роботтар мұғалімді алмастыра ала ма? деген сұрақты интербелсенді әдісінің бірі «Позицияны таңдаңыз» стратегиясы арқылы талдау жұмысы жүргізілді.

Бірінші кезеңде студенттердің алдына екі қарама-қарсы тұжырым ұсынылды:

- 1) жасанды зияткерлік қабілетке ие роботтар мұғалімді алмастыра алады;
- 2) жасанды зияткерлік қабілетке ие роботтар мұғалімді алмастыра алмайды.


Екінші кезеңде қатысушыларға өзіндік көзқарасына (позициясына) сәйкес келетін тұжырымның жанына тұру ұсынылды.

Үшінші кезеңде студенттерден (әрқайсысы бөлек) өз көзқарастарын негіздеу сұралынды. Бір топтан екінші топқа өтіп, барлық қатысушыларды қамтуға немесе бір топтағы әрқайсысының дәлелдерін тақтаға жазып, екінші топтағы қатысушылардың әрқайсысына кезек-кезек бойынша қарсы дәлелдерін негіздеуге, сондай-ақ қатысушыларға мәлімдемелерден қорытынды ұсынуға болады.

Төртінші кезеңде талқылаудан кейін қатысушылардың арасында өз ойларын өзгерткен және бір топтан екінші топқа ауысқысы келетіндер бар-жоғы сұралынды. Неліктен? деген сұрақ қойылды.

Бесінші кезеңде қарама-қарсы тараптардың қатысушыларын екінші тараптың ең сенімді дәлелін атап өту сұралынды.

Талдау жұмысы барысында «Padlet» интербелсенді тақтаның мүмкіндіктері де пайдаланылды (Сурет 1)



Сурет 1. «Padlet» интербелсенді тақтамен жұмыс

Студенттердің шығармашылық қабілеттерін артыруға, өзара әрекеттесу арқылы жаңа идеялар құрастырып ұсынуға жол ашатын интербелсенді әдістің бірі – «Автомобиль» әдісі. Аталған стратегияны «миға шабуыл» әдісінің түріне жатқызуға болады. Әдістің мәні – автомобиль құрылымын жобалау, оның бөліктерін қарастырылып жатқан тақырыптың мазмұнына бөлу:

- кілті не?
- тежегіші не болады?
- жаңалығы неде, басқалардан негізгі айырмашылықтары қандай?
- көліктің әлсіз жақтары неде? т.б. [4, 165].

Аталған интербелсенді әдіспен педагогика сабағында жаңа тақырыптың мазмұнын талдау барысында студенттерге келесідей тапсырма берілді:

- «Қашықтан оқыту технологиясын» машинамен ассоциация жасау (жүк машина, камаз, жеңіл иномарка, т.б.), суретін салу;
- қарастырылатын тақырыптың мазмұнын автокөліктің құрылымымен жобалау.

«Позицияны таңдаңыз», «Автомобиль» интербелсенді әдістері арқылы мәселені талдау негізінде студенттер адами қарым-қатынастың тұлғаның дамуында рөлі жоғары екені туралы қорытынды ой түйіндеді. Қазіргі техника дамыған кезде пәндік ақпараттарды оқушы «механикалық машинадан», яғни компьютерден алуға мүмкіндігі бар, бірақ тұлға ретінде қалыптасу тәжірибесін басқа тұлғадан ғана алуға болады. Адамдық қатынастың құндылық мағынасын еш нәрсемен алмастыруға болмайтынын ерекше атады.

Әмбебап педагогикалық құзыреттіліктердің құрылымына жататын қарым-қатынас жасай білу, оқушыны тыңдай білу іскерлігі мен дағдысын, оқушы тұлғасына құрмет білдіру, гностикалық, перцептивті, ұйымдастырушылық қабілеттерді, эмоциялық күйлерін басқара білуді, сөйлеу мәдениетін жетілдіру компоненттерін қалыптастыратын интербелсенді әдіс – пікірталас.

Пікірталас барысында өз көзқарасын қорғаудың коммуникативті дағдылары, аргументтерді келтіру, яғни талас жағдаяттарда қарым-қатынас жасау тәжірибесі қалыптасады. Студенттердің таным белсенділігін бәсеңдетпеу үшін оқытушы пікірталасты бақылау сұрақтарына айналдырмау керек екені, сөз сөйлеу барысында пікірлерге баға беру және алдын-ала өз пікірін білдіруге, барлық сұрақтардың жауаптарын білетіндей лектор позициясын алуға болмайтынын, интербелсенді режимінде сабақ өткізгенде басты орын алатын студент екені есте ұстағаны абзал. Студенттер үшін «Мұғалімнің қандай сапалары, құзыреттіліктері уақытқа тәуелді болмай, тұрақты болу керек, ал қандай сапалары жаңа уақыттың талабына сәйкес өзгеріп отыру керек?», «Педагогтың кәсіби сапасы немесе адамгершілік сапасы маңызды ма?» деген сұрақтар пікірталас барысында ерекше қызығушылықтарын туғызды.

Әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпал ететін тағы бір интербелсенді әдіс – шағын зерттеулер әдісі. Аталған әдісті қолдануда студенттер өз бетінше қажетті ақпараттарды жинауға дағдыланады, өздік шығармашылық қабілеттерін арттырады. Шағын зерттеулер әдісі болашақ мұғалімдерде әмбебап педагогикалық құзыреттіліктердің мазмұнына жататын жалпы әдістемелік іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға, зерттеушілік қабілеттерін жетілдіруге, өзін-өзі тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Жүргізген зерттеу жұмыстары бойынша облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде өткізілетін студенттердің ғылыми-практикалық конференцияларына қатысып, ғылыми жинақтарда мақалаларын жариялау арқылы болашақ мұғалімдердің білімді іс жүзінде қолдану мүмкіндігін, қиындықтар мен мәселелерді тану және оларды шешу қабілетін, өзіне деген сенімділігін арттырады (Сурет 2).



Сурет 2. Шағын зерттеу әдісі бойынша жұмыс нәтижесі

Әмбебап педагогикалық құзыреттіліктердің компоненттері мен оқытудың интербелсенді әдістерінің арақатынасы 1 кестеде ұсынылады.

Кесте 1. Оқытудың интербелсенді әдістері мен әмбебап педагогикалық құзыреттіліктердің компоненттері

Оқытудың интербелсенді әдістері	Әмбебап педагогикалық құзыреттіліктердің компоненттері
«Позицияны тандаңыз»	Педагогикалық қарым-қатынас жасай білуі, сөйлеу мәдениеті, рухани-адамгершілік сапалары, эмоциялық күйлерін басқара білу, оқушыны тыңдай білу іскерлігі мен дағдысы
«Автомобиль» әдісі	Қарым-қатынас жасай білу іскерлігі мен дағдасы, оқушылар ұжымында өзара қарым-қатынастың үйлесімділігі, ақыл-ой еңбегін ұйымдастыру, ұйымдастырушылық қабілеті, гностикалық қабілеті, теориялық ақпаратты білу, көрнекіліктерді көрсету әдістемесі
Пікірталас	Оқушыны тыңдай білу іскерлігі мен дағдысы, оқушы тұлғасына құрмет білдіру, гностикалық, перцептивті, ұйымдастырушылық қабілеттері, эмоциялық күйлерін басқара білуді, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, жалпы әдістемелік әмбебап құзыреттіліктер

Интербелсенді оқыту әдістерін қолдануда ең бастысы студенттерге дайын ақпарат көлемін беру емес, ойларына және құбылыстарға деген көзқарастарына әсер ету міндеті қойылады. Осыдан педагогикалық үдерісте интербелсенді оқыту әдістерін қолдануда төмендегі шарттарды ескеру маңызды:

- сабақта барлық студенттердің белсенді қатысуын ұйымдастыру;
- жұмысқа белсенді қатысқаны үшін үнемі ынталандыру, өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік беру арқылы қатысушылардың психологиялық дайындығына қамқорлық жасау;
- жұмыс тәртібі мен уақытты нақты белгілеу;
- оқытушы мен студенттердің арасында сенімді қарым-қатынасты, ынтымақтастықты орнықтыру;
- демократиялық стильді басшылыққа алу.

Интербелсенді әдістермен оқыту аудиториядағы жағдайдың өзгеруін талап етері сөзсіз. Сондықтан аталған әдістермен сабақты жүргізетін оқытушыға да, қатысатын студенттерге де дайындық жұмыстарын жүргізу қажет. Оқытушы педагогикалық үдерісте үстемдік етпейді, бірақ жанама түрде студенттердің іс-әрекетін басқарады, қарым-қатынасты қолдайды, ынталандырады, мақұлдайды, айтылғандарды синтездейді, тиімді мінез-құлықты ынталандырады, тиімсізді зерттейді және түзетеді, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді. Интербелсенді оқыту әдістері «субъект-субъект» қатынасының дамуына жағдай туғызып, оқытушы кеңесші, фасилитатор, оқыту үдерісін ұйымдастырушы ролінде болады. Сонымен қатар, интербелсенді оқыту студенттің өз тәжірибесіне және құрбыларының тәжірибесіне тікелей әрекеттесуіне негізделеді, өйткені интербелсенді жаттығулардың көбі білім алушының тәжірибесіне сүйенуге бағытталады.

Оқушыларға тұлға ретінде қарау – қиын іс, мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынас үдерісінде үлкен-кішілі қайшылықтарды жеңуді талап етеді. Бұл мұғалім ойы мен жүрегінің күрделі жұмысы. Педагогикалық үдерісте пайда болған мәселелерден шеттемеген, керісінше оларды шешудің тиімді жолдарын табуды ұмтылған педагог тұлғааралық мәселелерді басқарудың тәжірибесін иемденеді. Ондай мұғалімдерде оқушылар тәртібінің мотивтерін түсіну, оларды болжау және басқара білу дағдылары біртіндеп қалыптасады.

Интербелсенді әдістерді болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау үдерісінде қолдану заман талабына сәйкес. Бүгінгі күні студенттерге тек білім беру ғана емес, олардың тұлғалық қасиеттерін жетілдіру, танымдық қызығушылықтарын және қабілеттерін, шығармашылық ойларын, өзбетінше жұмыс атқарудың іскерліктері мен дағдыларын дамыту басты міндеттердің бірі болып табылады. Демек, интербелсенді оқыту әдістері құзыреттілік тәсілдеменің талаптарына сәйкес келіп, оларды оқыту үдерісі барысында жүйелі түрде қолдану педагогикалық мамандық бойынша кәсіби дайындықтағы студенттердің әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерінің қалыптастасуына жол ашады.

Болашақ мұғалімдердің әмбебап педагогикалық құзыреттіліктері ең бірінші оқу сабақтарында қалыптасады. Сонымен қатар студенттердің орта мектептерде педагогикалық іс-тәжірибелерді өту барысында, мектеп мұғалімдерімен, оқушыларымен қарым-қатынас жасағанда әмбебап педагогикалық құзыреттіліктердің қалыптасуына ықпал етеді. Мектеп мұғалімдерінің бұл үдеріске белсенділік танытуы болашақ мұғалімдерді дайындау ісіне маңызды үлес қосады. Себебі, сондай ынтымақтастық жағдайда ғана, болашақ мұғалімдердің әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсаты жүзеге асады. Мақала анықталған мәселенің бір қырын ашып көрсетті, дегенмен оның барлық жақтарын бір жұмыс аясында зерттеп шығуға болмайды. Болашақ мұғалімдердің әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру үдерісін жетілдіретін жаңа амалдарды, әдістерді, құралдарды іздестіру мәселелерін басшылыққа алу керек. Бұл жерде «мұғалім», «ата-ана», «шебер», «дана» рөлдерін үйлестіретін педагогтарды дайындау мәселесі туралы сөз қозғалуда. Ал бұл мәселе әмбебап педагогикалық құзыреттіліктердің мазмұнында орын алады. Осыдан педагогикалық мамандықтар бойынша кәсіби дайындықтағы студенттері үшін әмбебап педагогикалық құзыреттіліктер өзекті болып отырғаны айқын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кудайкулов М.А. Совершенствование учебного процесса и профессиональная подготовка учителя. -Алма-Ата: Мектеп, 1975.– 95б.
2. Успанов К.С. Теория и практика формирования профессионально значимых качеств у будущих учителей.– Алматы: Ғылым, 1998.–228 б.
3. Мухина С.А., Соловьева А.А.. Нетрадиционные педагогические технологии в обучении. Ростов-на-Дону, «Феникс», 2004. 379 б.
4. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. – 10-е изд. – Алматы, 2016.- 355 б.

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМУ

Көкен Игігүл,

бастауыш сынып мұғалімі,

«Ақмола облысы Зеренді ауданы Өркен ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Логика - дұрыс ойлаудың заңдылықтары мен формаларын зерттейтін ғылым. Ол пайымдау тәсілдерін қарастырады, олардың нақты мазмұнын абстракциялайды және ұғымдар арасында логикалық байланыстар орнатады. Логиканың ғылым ретінде негізін қалаушы ежелгі грек философы Аристотель болып саналады, ол силлогизм теориясы - екі тұжырымға негізделген логикалық тұжырым жасады. Ол логиканы адамға дұрыс қорытынды жасауға мүмкіндік беретін дұрыс ойлау құралы ретінде қарастырды.

«Логика» терминінің өзі гректің «логос» сөзінен шыққан, ол «ой», «ақыл» дегенді білдіреді. Кейіннен логика философтар мен психологтардың еңбектерінде дамыды. Л.С. Выготский логикалық ойлау әлеуметтену процесінде қалыптасатынын және сөйлеудің дамуымен тығыз байланысты екенін атап көрсетті. Ол баланың ойлау қабілетін дамытудың үш кезеңін анықтады: көрнекі-әсерлі, көрнекі-бейнелі және вербальды-логикалық, соңғы кезеңге өту оқу процесінде жүретіндігін атап өтті. Ж. Пиаже балалардың танымдық дамуын зерттей отырып, логикалық ойлаудың нақты операциялардан (салыстыру, жіктеу, талдау) бастап, абстрактілі ойлауға көшу арқылы біртіндеп қалыптасатынын анықтады. Оның пайымдауынша, бастауыш сынып оқушылары логикалық пайымдаулар көрінетін, қолжетімді нысандар негізінде құрастырылатын нақты операциялар сағысында. Дегенмен, математикалық оқыту ойлаудың күрделі түрлеріне көшуді тездетуге көмектеседі.

Бастауыш мектеп жасындағы логикалық ойлау баланың талдау, синтез, салыстыру, жалпылау және нақтылау сияқты негізгі ойлау әрекеттерін орындау қабілетін білдіреді. Сонымен қатар, оған логикалық ойлау тізбегін құру, индуктивті және дедуктивті тұжырымдар жасау, тұжырымдар тұжырымдау және теріске шығаруды табу мүмкіндігі кіреді.

Д. Б. Эльконин балалардағы логикалық ойлаудың дамуы олардың ойын әрекеттерімен байланысты екенін атап өтті. Ойын барысында балалар себеп-салдарлық байланыстарды орнатуды, заңдылықтарды табуы және жағдаяттарды талдауды үйренеді.

Себеп-салдарлық байланыстарды дамытуға және заңдылықтарды талдауға бағытталған ойындар балаларға оқиғаларды болжауға және қорытынды жасауға үйренуге көмектеседі.

Өз тәжірибеме қарағанда 1-сыныпта балалар логика негіздерін қарапайым ойындар арқылы игере бастайтыны байқалады, мысалы: «егер не болады?». Бұл ойында олар әртүрлі жағдайларды модельдейді және ықтимал салдарын талқылайды. Сұрақтар келесідей болуы мүмкін:

- «Егер сіз гүлді суармасаңыз не болады?»(Ол курап қалады.)
- «Қыста есікті жабуды ұмытып кетсеңіз не болады?»(Бөлмеде суық болады.)
- «Егер сіз 2 және 3 қосып, содан кейін 3-ті алып тастасаңыз не болады?»(2 қалады-кері әрекеттерді түсіну.)

Бұл ойын балаларға жағдайды талдауға, іс-әрекеттің нәтижелерін болжауға және логикалық ойлауды дамытуға көмектеседі.

2-сыныпта тапсырмалар күрделене түседі және балалар «үлгіні жалғастыр» ойыны арқылы үлгілерді меңгереді. Оларға белгілі бір ережеге сәйкес келетін фигуралар, сандар немесе таңбалар тізбегі беріледі:

- 1, 3, 5, 7, ? (Жауап: 9-сандар 2-ге артады.)

- ▲ ◆ ▲ ◆ ? (Жауап: ▲ фигуралары кезектесіп отырады.)

Бұл ойын аналитикалық ойлауды және үлгілерді табу қабілетін дамытады.

3-сыныпта «логикалық тізбектер» сияқты күрделі логикалық есептер енгізіледі. Балалар қатарға қай сөз немесе сан сәйкес келетінін анықтауы керек:

- мысық-мысық, ит -? (Жауап: ит-ассоциация құру.);
- 2, 4, 8, 16, ? (Жауап: 32-сандар екі еселенеді.)

Сондай-ақ, жіктеу ойындары қолданылады, мысалы, «артық сөз», мұнда балалар мағынасы сәйкес келмейтін сөзді таңдауы керек:

- * сүт, ірімшік, алма, айран (жауап: алма сүт өнімі емес.)

4-сыныпта логикалық тұжырымдар мен стратегияларды құруға арналған ойындар қосылады, мысалы, «Логикалық квадрат», мұнда балалар жасырын заңдылықтарды анықтауы керек.

Сонымен қатар, олар дедукция мәселелерін шешеді, мысалы:

• «Айгүл, Айсұлу және Мараттың үй жануарлары бар: мысық, ит және попугая. Мараттың попугаясы жоқ. Айгүлде мысық жоқ. Кімнің үй жануары кім?» (Жауап: Маратта-ит, Айгүлде – тотықұс, Айсұлуда – мысық бар.)

Ойын тапсырмаларын қарапайымнан күрделіге біртіндеп күрделендіру балаларға логикалық ойлауды, аналитикалық қабілеттерді және қорытынды жасау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Бұл ойын аналитикалық қабілеттердің дамуына және заңдылықтарды анықтау қабілетіне ықпал етеді. Мұндай ойындардың тиімділігі-олар логикалық ойлауды дамытады, себеп-салдарлық байланыстарды орнату қабілетін қалыптастырады, ойын форматының арқасында балалардың оқуға деген қызығушылығын арттырады, сонымен қатар тәуелсіз ойлау мен дәлелдеу дағдыларын нығайтады. Алайда, қиындықтар да мүмкін: тәжірибесі аз балаларға мұндай ойындарға қатысу қиынға соғуы мүмкін, ал мұғалімнің басшылығы жеткіліксіз болса, олар дұрыс емес қорытынды жасай алады. Сонымен қатар, әртүрлі дайындық деңгейлері бар топта ойын қарқыны кейбіреулер үшін тым жылдам, ал басқалары үшін тым баяу болуы мүмкін. Сондықтан балалардың қызығушылығы мен ынтасын сақтау үшін олардың жасын және даму деңгейін ескере отырып, тапсырмаларды мұқият таңдау маңызды.

Логикалық ойлауды қалыптастыру бойынша жұмыстың негізгі мақсаты-балаларды ұсынылған пайымдаулар негізінде логикалық қорытындылар құруға үйрету. Бұл тапсырманы ойдағыдай орындау үшін бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтары мен оқу іс-әрекетіне деген ынтасын дамыту қажет. Бұл тұрғыда математика шешуші рөл атқарады, өйткені ол логикалық ойлауды қалыптастыруға кең мүмкіндіктер береді. Дегенмен, білім беру тәжірибесінде логикалық әдістерді қалыптастырудың нақты бағдарламасы жоқ, бұл осы бағыттағы жүйелі жұмысты қиындатады.

Қазақстандық ғалымдар да үлкен көңіл бөлуде балалардың логикалық ойлауын дамыту. Сонымен, К. Кенесарин ол өз еңбектерінде мынаны атап көрсетеді математика бастауыш сынып оқушыларының логикасын қалыптастырудың негізгі құралы болып табылады. Ол логикалық есептерді, математикалық жұмбақтарды және ойын әдістерін қамтитын оқытудағы кешенді тәсіл балаларда тәуелсіз аналитикалық ойлауды қалыптастыруға ықпал ететінін атап өтті.

Ж. Ж. Нұрбекова математика сабақтарында дидактикалық ойындар мен зияткерлік жаттығуларды қолдану логикалық ойлау деңгейін арттыратынын, сондай-ақ балаларға күрделі міндеттерге бейімделуге және өз бетінше шешім қабылдауға көмектесетінін атап өтті.

Оқыту - бұл балалар да, мұғалім де қатысатын екі жақты процесс. Мұғалім оқу іс-әрекетін ұйымдастырады, оқушылардың ой-өрісін бағыттайды, логикалық байланыстар орнатуға және өз әрекеттерін талдауға көмектеседі. Л.С. Выготский оқытудың дамуына әкелетінін, сондықтан балада жаңа ойлау стратегияларының қалыптасуына әкелетін логикалық амалдар бойынша мақсатты жұмыс екенін атап өтті.

Логикалық ойлауды дамыту бірнеше негізгі міндеттерді көздейді: объектілер мен құбылыстарды салыстыру, оларды әр түрлі критерийлер бойынша жіктеу, сандар мен фигуралар арасындағы тәуелділікті табу, логикалық тұжырымдар құру және оларды талдау қабілеттерін қалыптастыру. Салыстыру – бұл заттардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау мақсатында оларды сәйкестендіру процесі. Талдау объектіні құрамдас элементтерге ойша бөлуді және олардың қасиеттерін зерттеуді қамтиды. Синтез, керісінше, элементтерді біртұтас тұтастыққа біріктіреді. Абстракциялау объектілердің ең маңызды сипаттамаларын бөліп көрсетуден тұрады, ал жалпылау объектілерді ортақ белгілері бойынша топтарға біріктіруге көмектеседі. Нақтылау, керісінше, нақты мысалдар келтіре отырып, жалпыдан нақтыға өтуге мүмкіндік береді.

Ж. Брунер ол өз зерттеулерінде баланың өзі шешім қабылдау процесіне қатысатын белсенді оқытудың маңыздылығын атап өтті. Ол оқытудың үш кезеңін анықтады: әрекеттік, бейнелі және символдық. Оның теориясына сәйкес, математикалық оқыту логикалық байланыстарды қалыптастыру үшін барлық үш кезеңді қамтуы керек. Логикалық ойлау туа біткен дағды емес, оны мақсатқа бағытталған жұмыс арқылы дамытуға болады. Арнайы жаттығулар, салыстыруға, жіктеуге және заңдылықтарды іздеуге арналған тапсырмалар логикалық амалдардың қалыптасуына ықпал етеді. Тәжірибеде мұндай тапсырмаларды қолдану бастауыш сынып оқушыларында логикалық ойлауды тиімді дамытатыны байқалады. Мысалы:

Салыстыруға арналған жаттығулар.

Тапсырма 1. Заттарды салыстыр.

Мақсат: аналитикалық ойлауды дамыту, объектілердің ерекшеліктерін анықтау. Арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды тап.:

- Шаршы және тіктөртбұрышпен.
- Алма және апельсинмен.
- Балықпен және құспен.

Тапсырма 2. Өрнектерді салыстыр.

Мақсат: математикалық амалдардың өзара байланысын түсіну.

Мысалдар қалай ұқсас және қалай ерекшеленеді?

- $5 + 3$ және $5 - 3$
- 2×4 және $2 + 4$
- $10 - 2$ және $2 - 10$

Үлгілерді табуға арналған жаттығулар

Тапсырма 3. Сандар қатарын жалғастыр.

Мақсат: логикалық талдау дағдыларын дамыту. Заңдылықты тап және бірізділікті толықтыр:

- 2, 4, 6, 8, __?
- 1, 3, 6, 10, 15, __?
- 100, 90, 80, __?

Математика қатаң логикалық заңдылықтарға негізделген ғылым ретінде мұндай дамудың қолайлы ортасын қамтамасыз етеді. Бұл балаларға негізделген қорытындылар жасау, жағдаяттарды талдау және оңтайлы шешімдерді табу қабілетін меңгеруге мүмкіндік береді.

Логикалық ойлауды қалыптастырудың тиімді әдістері дидактикалық ойындар, интеллектуалдық жаттығулар, логикалық есептер мен тесттер болып табылады.

Бұл жаттығулар балаларға ақыл-ой белсенділігін арттыруға, бақылау дағдыларын дамытуға, ақпаратты талдауға және заңдылықтарды табуға үйренуге көмектеседі. Материалды жеткізудің әртүрлі формаларын пайдалану оқуға деген қызығушылықты арттырады және танымдық дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Логикалық ойлауды дамыту бірінші сыныптан басталады. Бұл кезеңде балаларда заттардың қасиеттерін ажырата білу, оларды салыстыру, ортақ және айырықша белгілерін таба білу қабілетін қалыптастыру маңызды. Мысалы, балаларды текшенің қасиеттерін атауға, содан кейін сипаттамалар тізімін толықтыру үшін оны басқа заттармен салыстыруға шақыруға болады. Мұндай жаттығулар балаларға кез-келген объектінің көптеген қасиеттерге ие екендігін білуге көмектеседі және талдау жүргізуге үйретеді.

Оқытудың кейінгі кезеңдерінде тапсырмалар күрделене түседі. Үшінші және төртінші сыныптарда балаларға заңдылықтарды анықтауға, логикалық тұжырымдар құруға және ережелерді тұжырымдауға арналған жаттығулар ұсынылады. Мысалы, оқушылар сандар ретін салыстырады, олардың заңдылығын анықтайды және жалпы ережені тұжырымдайды. Мұндай есептерді шешу аналитикалық қабілеттерін дамытады, пайымдауға, өз тұжырымдарын дәлелдеуге және тексеруге үйретеді. Логикалық ойлауды дамытуға ықпал ететін бірнеше негізгі әдістер бар.

Біріншіден, объектілер мен құбылыстарды салыстыру, олардың ерекшеліктерін бөліп көрсетуге және объектілерді жіктеуге көмектеседі. Екіншіден, объектілерді ойша бөлшектеуге және керісінше оларды біртұтас тұтастыққа біріктіруге мүмкіндік беретін талдау мен синтез. Үшіншіден, объектілерді белгілі бір критерийлер бойынша топтастыруға көмектесетін жалпылау және жіктеу. Төртіншіден, объектілер арасындағы байланыстарды табуға және қорытынды жасауға мүмкіндік беретін заңдылықтарды іздеу.

Логикалық тапсырмалармен жұмыстың әртүрлі формалары балалардың ойлау қабілеттерін тиімдірек дамытуға мүмкіндік береді. Стандартты емес есептерді, жұмбақтарды және логикалық жұмбақтарды шешу сыни тұрғыдан ойлауды, жағдайды талдай білуді, заңдылықтарды табуды және логикалық байланыстарды құруды қалыптастыруға көмектеседі. Диаграммаларды, кестелерді және графиктерді пайдалану кеңістіктік қиялдың дамуына ықпал етеді, балаларға ақпаратты құрылымдауға және себеп-салдарлық байланыстарды құруға көмектеседі. Артық немесе жетіспейтін деректері бар тапсырмалармен жұмыс істеу балаларды ақпаратты түсінуге, ең бастысын бөліп көрсетуге, негізделген қорытындылар жасауға және гипотезаларды тұжырымдауға үйретеді. Мысалы, артық ақпараты бар есептерді шешу кезінде оқушылар қажет емес деректерді қиюды үйренеді және т.б және толық емес шарттармен жұмыс істеу - логика мен қолда бар білімге сүйене отырып, жетіспейтін элементтерді өз бетінше толықтыру.

«Үлгіні тап», «артық деген не?», «қатарды жалғастыр» сияқты логикалық ойындар мен жаттығуларды білім беру үдерісіне енгізу абстрактілі ойлауды, комбинаторлық дағдыларды және мүмкін болатын шешімдерді болжай білуді дамытуға ықпал етеді. Логикалық тапсырмалармен топтық жұмыс формалары да маңызды рөл атқарады, өйткені олар балаларға өз идеяларын талқылауға, стратегияларды салыстыруға және өз көзқарастарын дәлелдеуді үйренуге мүмкіндік береді.

Осылайша, оқытуда логикалық есептерді жүйелі түрде қолдану балалардың аналитикалық және сыни ойлауын дамытып қана қоймайды, сонымен қатар ақыл-ой икемділігін, шешім қабылдаудағы дербестігін және өзінің интеллектуалдық қабілеттеріне сенімділігін қалыптастыруға ықпал етеді. Логикалық ойлауды дамыту бастауыш білім берудің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Балалардың логикалық пайымдау, негізделген қорытынды жасау, ақпаратты талдау және заңдылықтарды анықтау қабілеттері олардың математиканы ғана емес, басқа пәндерді де табысты меңгеруінде маңызды рөл атқарады. Тиімді әдістер мен тәсілдерді қолдану өз бетінше ойлауды, өзіне деген сенімділікті және күрделі мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл үдерісте математиканың алатын орны ерекше, өйткені ол нақты және логикалық тұрғыдан құрылған білім жүйесін қамтамасыз етеді, пайымдаудағы жүйелілік пен тұжырымдарды тұжырымдаудағы дәлдікті дамытады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.
2. Кенесарин К. Логикалық ойлауды дамытудың теориясы мен әдістемесі. - Алматы: Қазақ университеті, 2019ж.
3. Нұрбекова Ж.Ж. Математика сабақтарында логикалық ойлауды дамыту әдістері. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020ж.
4. Смирнова Е.О. Развитие логического мышления у младших школьников: современные подходы. - Москва: Просвещение, 2021.
5. Иванова Т.А. Игровые технологии в обучении математике младших школьников. - Санкт-Петербург: Питер, 2022ж.
6. Тарасов А.Н. Логика и математика: интегративный подход в начальном образовании. - Казань: Феникс, 2023ж.
7. Педагогикалық инновациялар орталығы. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту әдістемесі. - Алматы: Рауан, 2023ж.
8. Назарбаев Зияткерлік мектептері. STEAM білім беру аясында логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру. - Нұр-Сұлтан: NIS, 2022ж.



ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ ПУТЕМ ВЫПОЛНЕНИЯ ТВОРЧЕСКИХ ЗАДАНИЙ НА УРОКАХ ХИМИИ

Басымова Арайлым Жолдангаровна,
преподаватель химии,
ГККП «Высший педагогический колледж города Щучинск
при управлении образования Акмолинской области»

Современное общество сталкивается с глобальными экологическими проблемами, такими как изменение климата, загрязнение воды и воздуха, истощение природных ресурсов. В связи с этим, перед педагогами стоит задача не только подготовки квалифицированных специалистов, но и воспитания ответственного, экологически осведомленного поколения.

Как отметил Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев в своем Послании, «Чистота и бережное отношение к окружающей среде должны стать частью национального менталитета».

